ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 14 ақпан №7119-25-00-2/1394 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ghalam» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«TGN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Бұл ретте тапсырыс беруші өнім берушінің шартты бұзу фактісі туралы өзіне белгілі

болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі және оларды шарттық міндеттемелерді толық орындау жағдайларын қоспағанда, сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа талап қоюға міндетті. Сондай-ақ, Заңның 4-тармағына сәйкес жосықсыз сатып алуға қатысушылардың тізілімі: Заңның 10-бабының 2-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда заңды күшіне енген сот шешімі негізінде қалыптастырылады.

Іс материалдарына қарағанда, «Ghalam» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «TGN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында түзілген 03.12.2024 жылғы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №GLM-PCO-01952 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес 495 000 теңгеге тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жеткізу мерзімі шартқа қол қойылған күннен бастап 25 күнтізбелік күн, яғни 30.12.2024 жыл.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 15.01.2025 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, шарттың қолдану мерзімі 31.12.2024 жылы аяқталған.

2024 жылғы 30 желтоқсандағы хабарламаға сәйкес талап қоюшы жауапкерге шарттың орындалмағаны және оны бұзу туралы хабарлаған.

Талап қоюшы талапты қолдай отырып, жауапкердің 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін техникалық шарттарға сәйкес келетін тауарларды жеткізбеуін көрсетеді.

Аталған құжаттармен жауапкер шарттың қолданылу мерзімі ішінде техникалық шарттарға сәйкес шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны анықталды.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Документ подписан: Баткалова Г. М., 14.02.2025

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерді сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 1966 теңге мемлекеттік бажды төлеуге кеткен сот шығындарын өндіріп алады.

АК-тің 293-бабының талаптарына сәйкес, айып төлеу (айыппұл, өсім) мәселесі реттеледі.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Жауапкер өз міндеттемелерін орындамағандықтан талап қоюшы 7.3 тармағына сәйкес шарттық тұрақсыздық айыбы 30.12.2024 жылдан 27.01.2025 жылғы кезеңге 495 000 теңге х 0,1% х 27 күн негізінде 13 365 теңге сомасында есеп ұсынған.

Алайда, бұл есеп шарттың талаптарына сәйкес келмейді, егер міндеттемелер 2024 жылдың 30 желтоқсанына дейін аяқталса, шарттық тұрақсыздық айыбы 1 күнде – 2024 жылдың 31 желтоқсанында 495 теңге сомасында есептелуі мүмкін.

Мұндай жағдайларда жауапкердің қабылданған міндеттемелерін орындамауын ескере отырып, сот берілген талап шегінде 495 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талапты қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 15 теңге мемлекеттік бажды өндіріп алады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Дата вступления в законную силу: 27.03.2025, судья Баткалова Г. М., 10.04.2025
Документ подписан: Баткалова Г. М., 14.04.2025
7119-25-3-1/961

«Ghalam» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «TGN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «TGN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «TGN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «TGN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Ghalam» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 495 (төрт жүз тоқсан бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 15 (он бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының кéліп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Көшірме дұрыс

Судья Г.М.Баткалова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2025 жылда 27 наурызда енді

Документ подписан: Баткалова Г. М., 14.02.2025

Дата вступления в законную силу: 27.03.2025, судья Баткалова Г. М., 10.04.2025

7119-25-3-1/961